

**«АВИМЕД» көпсалалы колледжі**

**Қабылдау комиссиясы**

**2023-2024 оқу жылы**

<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ – АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ «АВИМЕД» КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ ЖЕКЕ МЕКЕМЕСІ</p>		<p>Ф-08-01/04 МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ЧАСТНОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ КОЛЛЕДЖ «АВИМЕД»</p>
--	---	---

Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Тассай шағын ауданы, Жібек жолы көшесі, жер телімі №6; ЖСК KZ 036017291000007294; АҚ, Қазақстан Халық Банкі» БСК HSBKZKX БСН 040240009720; Телефоны: 39-27-26 Факс:39-27-26 Электрондық почта [avimedkolledji@mail.ru](mailto:avimedkolledji@mail.ru). Город Шымкент, Каратауский район, мк/р Тассай, ул. Жибек жолы, №6; ИИК 036017291000007294; АО «Народный Банк Казахстана»; БИК HSBKZKX БИН 040240009720; Телефоны: 39-27-26, Факс:39-27-26, Электронная почта [avimedkolledji@mail.ru](mailto:avimedkolledji@mail.ru).

**Бұйрық № 22 – н**

**«17» 03 2023ж.**

**«2023-2024 оқу жылына қабылдау комиссиясының құрамын, техникалық хатшыларын, шығармашылық емтихан, психометриялық тест қабылдау, апелляциялық комиссия құрамын бекіту туралы»**

2023-2024 оқу жылына кәсіби бағдарлама беру жұмыстарын ұйымдастырып, талапкерлерді қабылдау жұмыстарын жүргізу үшін Қазақстан республикасының білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйырығының 2-ші тарауы, 4 тармағына сәйкес келесі құрамда қабылдау комиссиясын бекітуді

**БҰЙЫРАМЫН:**

**§ 1. Қабылдау комиссия құрамы**

**Комиссияның төрайымы:**

Керимбекова Акбаян Айтқуловна – колледж директоры

**Комиссияның төрайым орынбасары:**

Тезекбаева Эльмира Турсынхановна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

**Жауапты хатшы:**

Вакасова Алтын Шаштыевна – оқу бөлімінің меңгерушісі

**Техникалық хатшылар:**

1. Айтмирзаева Райхан Океновна – оқытушы
2. Жиенбаева Шамшия Асентаевна – кадр бөлімінің меңгерушісі

**Қабылдау комиссия мүшелері:**

1. Қурамыс Сержан Қурамысулы – ЖШС «Кардиомед» клиникасының директор орынбасары;
2. Есназарова Акмарал Еламановна – ЖШС «Премиум Шымкент» бөбекжай бала-бақшасының меңгерушісі;
3. Онгарова Гульзада Мейрбековна – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
4. Тулкибаева Шынарай Қалмуратовна – директордың тәжірибие ісі жөніндегі орынбасары;
5. Маликова Құлмаш Сабырбергеновна – психолог.

**§ 2. Шығармашылық емтихан, психометриялық тест қабылдау комиссия құрамы**

**Комиссияның төрағасы:**

С.К. Қурамысулы– «Кардиомед» ЖШС емханасының директоры

**Комиссия мүшелері:**

1. К.С. Маликова – психолог, оқытушы;
2. А.А. Анарбай оқытушы;
3. М.К. Жанысбекова - оқытушы;
4. А.Б. Сарсембаев – оқытушы;

5. Ж.Ш. Серимбетов - оқытушы.

### § 3. Апелляциялық комиссия құрамы

**Комиссияның төрайымы:**

Э.М. Муздыбаева – «Медикер 4» ЖШС бас дәрігері

**Комиссия мүшелері:**

1. Г.Т. Нурлыбаева – әдіскер, оқытушы;

2. Г.А. Байдарова – оқытушы



Директор

А.А. Керимбекова

Директордың оқу-ісі жөнінде  
орынбасары

Э.Т. Тезекбаева

Оқу бөлімінің меңгерушісі

А.Ш. Вакасова

Кадр бөлімінің меңгерушісі

Ш.А. Жиенбаева

**«АВИМЕД» КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ**

«Бекітемін»  
Қабылдау комиссиясының төрағасы  
А.А. Керімбекова  
«    »    2023 жыл.



**«АВИМЕД» көпсалалы колледжі қабылдау  
комиссиясының 2023-2024 оқу жылына талапкерлерді  
қабылдау ережесі**

Шымкент, 2023

**«АВИМЕД» көпсалалы колледжі қабылдау  
комиссиясының 2023-2024 оқу жылына талапкерлерді  
қабылдау ережесі.**

1. Білім туралы 27 шілдедегі 2007 жылғы ҚР заңының 5 бабына 11 тармақшасына сәйкес, «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын» бекіту туралы «ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығына» және «ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрілігінің 2019 жылғы 16 шілдедегі №305 бұйрығын» негізге ала отырып қабылдау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру.
2. ТжКОББ ұйымдары өтініштерді қабылдау, арнайы немесе шығармашылық емтихандарды өткізу, конкурс және тұлғаларды бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім негізінде ақылы негізінде оқуға қабылдау осы қағидалардың талаптарына сәйкес жүргізіледі.
3. Тұлғалардың ТжКОББ ұйымдарында оқуға өтініштерін қабылдау:
  - 3.1) Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымымен 27 тамыз аралығында, қашықтықтан оқудың кешеніне кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында жүзеге асырылады.
  - 3.2) Ақылы негізде 25 маусым мен 25 тамыз аралығында, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша күнтізбелік жылдың 25 маусым мен 25 шілде аралығында, педагогикалық мамандықтар бойынша күнтізбелік жылдың 25 маусым 15 тамыз аралығында жүзеге асырылады.
4. Оқуға түсушілер білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы өтініш, білімі туралы құжаттын төлнұсқасын, №075-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы, I,II топтағы мүгедектер №088-У медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысын, 3x4 көлемдегі 4 фотосуретін, жеке басын растайтын құжат көшірмесін тапсырады.
5. Оқуға түсетін құжаттарды оқуға түсушінің жеке өзі немесе оның заңды өкілдері ұсынады.
6. Түсу емтихандары орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша
  - 6.1 Жалпы орта білімі бар оқуға түсушілер үшін үш пән бойынша (қазақ немесе орыс тілінен Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша) өткізіледі.
  - 6.2 Негізгі орта (жалпы негізгі) білімі бар оқуға түсушілер үшін екі пән бойынша (қазақ немесе орыс тілінен және мамандық бейіні бойынша) өткізіледі.
  - 6.3 Педагогикалық мамандықтар, сондай-ақ арнайы шығармашылықты талап ететін мамандықтар бойынша оқуға түсетін адам арнайы немесе шығармашылық емтихан тапсырады.
  - 6.4 Медициналық мамандықтар бойынша оқуға түсуші психометриялық тестілеуден өтеді.

7. Білім беру ұйымдарына тұлғаларды білім алуға қабылдау олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

8. Түсу емтихандарын өткізу кезінде.

- 8.1 Тестілеу нысанында әрбір пән бойынша тестілеу тапсырмаларының (сұрақтарының) саны – 25; әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы 1 балмен бағаланады; үш пән бойынша тестілеуге – 2 сағат 15 минут, ал екі пән бойынша – 1 сағат 30 минут беріледі; дұрыс жауаптар коды тестілеу аяқталғаннан кейін ілінеді; тестілеу нәтижелері тест өткізілген күні хабарланады;
- 8.2 Пәндер бойынша емтихандар нысанында түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған "3", "4", "5" бағаларын қабылдау комиссиясы мынадай шәкіл бойынша: "3" – 8 балға, "4" – 17 балға, "5" – 25 балға алмастырылады.
- 8.3 Педагогикалық, медициналық мамандықтарға түсуші адамдар үшін арнаулы және /немесе шығармашылық емтихандарды, сондай-ақ психометриялық тестілеуді өткізу мерзімдері негізгі орта білім базасында түсушілер үшін күнтізбелік жылдың 21 тамызына дейін, шығармашылық даярлықты талап ететін мамандықтарға түсу үшін күнтізбелік жылдың 21 мен 28 шілдесі аралығында белгіленеді.
- 8.4 Білім беру ұйымдарына түсу емтихандары түсушілердің өтінішіне сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі.
- 8.5 Түсу емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

9. Білім алушылар құрамына қабылдау конкурсына қатысуға:

- 9.1 Негізгі орта (жалпы негізгі) білімі бар талапкер үшін екі пәннен 16 балдан кем жинағандар жіберілмейді.
- 9.2 Жалпы орта білімі бар талапкер үшін үш пәннен 24 балдан кем жинағандар жіберілмейді.
- 9.3 Конкурса қатысу үшін негізгі орта білім беру базасында оқуға түсушілер күнтізбелік жылдың 18 тамызына дейін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру базасына(білім беру, мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органдардың құзіреттілігі ТЖКОББ ұйымдарын қоспағанда) күнтізбелік жылдың 20 тамызына дейін осы қағидалардың 12 тармағына сәйкес өтініш береді.

10. Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беретін пәндердің тізбесі осы Үлгі қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына

1-қосымша Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беру пәндерінің тізбесі:

Техникалық және кәсіптік білім мамандығының коды	Мамандықтың атауы	Бейіндік пән атауы Негізгі орта білім (жалпы негізгі)		Бейіндік пән атауы Орта білім (жалпы орта)	
09120100	Емдеу ісі - фельдшер	Биология	Химия	Биология	Химия
09130100	Мейіргерісі	Биология	Химия	Биология	Химия
09160100	Фармация			Химия	Биология
09110100	Стоматология	Биология	Химия	Биология	Химия
01140500	Дене тәрбиесі және спорт	Мамандандыру бойынша нормативтерді	Биология	Мамандандыру бойынша нормативтерді тапсыру.	Биология

		тапсыру.			
01120100	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)	Биология	Биология	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)

Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін білім алушылар құрамына қабылдауға арналған конкурс білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндердің жиынтық балының нәтижелері бойынша өткізіледі.

**Бағалардың жиынтық балы:**

Негізгі орта білімі бар (9-сынып) оқуға түсушілер үшін – үш пән бойынша бағалар: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі) және мамандық бейіні бойынша екі пән бойынша және/немесе шығармашылық конкурс және/немесе басқа да арнайы конкурстар бағалары (педагогикалық, медициналық мамандықтар және шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша);

Жалпы орта білімі бар (11-сынып) түсушілер үшін – төрт пәннің бағасы: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән және/немесе шығармашылық конкурс және/немесе басқа да арнайы конкурстардың бағалары (педагогикалық, медициналық мамандықтар және шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша);

Мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар түсушілер үшін – төрт пәннің бағасы: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән және/немесе шығармашылық конкурс және/немесе басқа да арнайы конкурстардың бағалары бойынша (педагогикалық мамандықтар және шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша) қалыптасады.

Техникалық және кәсіптік білім мамандығының коды	Мамандықтың атауы	Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны	
		Негізгі орта білім (жалпынегізгі)	Орта білім (жалпы орта)
09120100	Емдеу ісі	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу
09130100	Мейіргер ісі	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу
09160100	Фармация		Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу
09110100	Стоматология	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін тестілеу
01140500	Дене тәрбиесі және спорт	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу	Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу
01120100	Мектепке дейінгі тәрбие	Кәсіби жарамдылықты	Кәсіби жарамдылықты анықтау

	және оқыту	анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу	үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу
--	------------	--	--

Мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін – білім туралы құжаттың (диплом) орташа балы.

Басқа елдің білім туралы құжаты бар тұлғалар үшін білім туралы құжатта осы Қағидаларға 7-қосымшада көрсетілген міндетті және бейінді пәндер болмаған жағдайда міндетті және бейінді пәндер тізбесін білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиялары белгілейді.


Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына 7-қосымша

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беру пәндерінің тізбесі**

Ескерту. 7-қосымшамен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2020 № 303 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бейіндік пәннің атауын білім беру ұйымы берілетін мамандық бойынша біліктілігіне байланысты анықтайды.

11. Түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген талапкер апелляцияға шағым береді.
12. Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссияға түсу емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін беріледі және апелляциялық комиссиямен өтініш оны берушісінің қатысуымен бір жұмыс күні ішінде өтініш берген күннен бастап қаралады.
13. Білім алушылардың құрамына қабылдау ТжКОББ ұйымы басшысының бұйрығымен, қабылдау комиссиясының отырысының хаттамасы негізінде, күндізгі оқу нысанына күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін жүргізіледі.

Жауапты хатшы:  Вакасова А.Ш.



«АВИМЕД» КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖИ

«АВИМЕД» КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖИ «БЕКІТЕМІН»  
Қабылдау комиссиясының төрағасы  
А.А. Керімбекова  
«27» 2023 жыл.



**«АВИМЕД» көпсалалы колледжі қабылдау комиссиясының  
2023-2024 оқу жылына қабылдаудың кәсіби – бағдарлама беру  
жұмыстарын ұйымдастыру жоспары**

Шымкент, 2023


«АВИМЕД» көпсалалы колледжі қабылдау комиссиясының 2023-2024 оқу жылына қабылдаудың кәсіби – бағдарлама беру жұмыстарын ұйымдастыру жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты	Орындалған ы туралы белгі
1.	Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы «ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрілігінің 2019 жылғы 16 шілдедегі №305 бұйрығын» негізге ала отырып комиссия төрағасын сайлау.	Наурыз	Керимбекова А.А. Тезекбаева Э.Т.	
2.	Білім туралы 27 шілдедегі 2007жылғы ҚР заңының 5 бабына 11 тармақшасына сәйкес, Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы «ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығына және осы бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрілігінің 2019 жылғы 16 шілдедегі №305 бұйрығын» негізге ала отырып қабылдау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру.	ұдайы	Керимбекова А.А. Вакасова А.Ш.	
3.	Орта кәсіптік оқу орындарына қабылдау типтік ережелерін негізге ала отырып, қабылдау комиссиясының қабылдау ережелерін дайындау, бекіту.	наурыз	Вакасова А.Ш.	
4.	«ҚР Білім және ғылым министрілігінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығына өзгерістер енгізілген жағдайда талапкерлерді қабылдау ережесін толықтыру, жасау	маусым-шілде	Вакасова А.Ш.	
5.	Колледждің материалдық-техникалық базасы, жетістіктері, тынысы туралы жарнамалық бейне-ролик дайындау.	наурыз	Маликова К.С. Вакасова А.Ш.	
6.	Сайдпенен жұмыс жүргізу.	наурыз	Айтмирзаева Р.Ө. Тұрар Қ.	
7.	3D форматта колледж ғимаратын көрсету.	наурыз	Айтмирзаева Р.Ө. Тұрар Қ.	
8.	Жарнамалық буклеттер, үгіт-насихат қағаздарының жаңа дизайндарын дайындау, басып шығару.	наурыз	Айтмирзаева Р.Ө. Тұрар Қ.	
9.	Талапкерлерді оқуға тарту, кәсіби-бағдарламалық жұмыстарды ұйымдастыру, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін облыс аудандарына, қалаға баратын жұмысшы топтарын құру, жауаптыларын бекіту, кестесін түзу. Оқытушылардың	наурыз, сәуір, мамыр маусым	Э.Т.Тезекбаева Аудандарға жауапты қызметкерлер	

	жазбаша есептерін, фото есептерін, болжамды келетін талапкерлер тізімін, олардың ата-аналарының телефон нөмірлерін жинақтап, есептерін тапсыру жұмыстарын ұйымдастыру.			
10.	Мектеп басшыларына хат жіберу арқылы «Ашық есік күніне» оқушылардың колледжге келуін ұйымдастыру. Талапкерлерді колледждің материалдық-техникалық базасымен таныстыру. Көрме ұйымдастыру	мамыр	Колледж әкімшілігі Онгарова Г.Т.	
11.	Педагогикалық, медициналық мамандықтарға түсетін шығармашылық емтихандардың мамндандыру бойынша нормативтерді құрастыруды дайындау, психометриялық тесттердің материалдарын дайындау, ЦПБ отырысында талқылап бекітіп беру, қабылдау комиссиясына тапсыру.	сәуір мамыр	Байдарова Г.А. Жанысбекова М.К. ЦПБ жетекшілері	
12.	Жеке әңгімелесуге арналған сұрақтарды дайындау және ЦПБ отырысында талқылап бекітіп беру, қабылдау комиссиясына тапсыру	сәуір мамыр	Нұрлыбаева Г.Т. ЦПБ жетекшілері	
13.	Қабылдау ережесіне сай үлгідегі құжаттарды дайындау, толықтыру. (өтініш, емтихан парағы, сұрақ жауап парағы, тіркеу кітаптары, қолхат, ведомосттар, келісім-шарт)	мамыр	Вакасова А.Ш. СМЖ жауапты қызметкер	
14.	«Талапкер-2023» атты көрнекті хабарлама тақтасын дайындап безендіруге тапсырыс беру. Қабылдау комиссиясының кабинетін жасақтау.	сәуір	Вакасова А.Ш. Абилакимов Ғ.М.	
15.	Төлем ақылы негізінде күндізгі оқу бөлімдеріне мамандықтарына сай оқу шығынын есептеп бекіту.	мамыр маусым	Керимбекова А.А. Бухгалтерия	
16.	Қабылдау комиссиясының техникалық хатшыларын, қабылдау ережелерімен таныстыру, құжаттармен жұмыс жасауды үйрету.	ұдайы	Вакасова А.Ш.	
17.	Жергілікті (Сайрам), инстаграмм таргет, радио «Той думан», радио FM-ға 2023-2024 оқу жылына талапкерлерді қабылдау туралы жарнама беру.	Маусым шілде тамыз	Тезекбаева Э.Т. Вакасова А.Ш. Бухгалтерия	
18.	Қабылдау емтихандарын жүргізетін комиссия құрамын бекіту.	маусым	Керимбекова А.А. Вакасова А.Ш.	
19.	Апелляциялық, шағым-арыз беру комиссиясын құру.	маусым	Керимбеова А.А. Вакасова А.Ш.	
20.	Орта буын мамандарын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін білім алушылар құрамына қабылдауға арналған конкурс білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндердің жиынтық балының нәтижелері бойынша өткізіледі.	20 маусымы мен 27 тамыз	Керимбекова А.А. Вакасова А.Ш.	
21.	Тестілеу арқылы емтихан қабылдау	шілде	Айтмирзаева Р.Ө.	

	материалдарын дайындау. (талапкерлер тізімін компьютерге енгізу)	тамыз	Байдарова Г.А. Жанысбекова М.К. ПЦК жетекшілері	
22.	Қабылдау комиссиясының мәжілістерін өткізу. (хаттама жүргізу)	Кесте бойынша	Керимбекова А.А. Вакасова А.Ш	
23.	Талапкерлерге консультациялар ұйымдастыру. Талапкерлерді тест, сұхбаттасу арқылы оқуға қабылдау емтихандарының кестесін жасау, бекіту.	шілде тамыз	Керимбекова А.А. Вакасова А.Ш	
24.	Емтихан тапсыру кезінде кезекшілік ұйымдастыру.	тамыз	Тезекбаева Э.Т. Онгарова Г.Т.	
25.	Қабылдау емтихандарын тапсырған, білім алушылар конкурсына қатысып, білім алушылар қатарына қабылданған тізімді дайындау, бұйрық жасау.	тамыз	Керимбеова А.А. Вакасова А.Ш	
26.	Колледжге қабылданған талапкерлердің құжаттарын толықтыру, бөлімдерге тапсыру.	тамыз қыркүйек	Вакасова А.Ш. тех.хатшылар	
27.	Қабылдау қорытындысы туралы статистикалық есеп пен мәлімдесін тапсыру.	қыркүйек	Керимбеова А.А. Вакасова А.Ш	

Қабылдау комиссиясының 2023-2024 оқу жылына талапкерлерді қабылдаудың жұмыс жоспарын, қабылдау комиссиясының №1 хаттама 17. 03. 2023ж қаралып, бекітілді.

Жауапты хатшы:  Вакасова А.Ш.